

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық қазақ-венгр комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 шілде N 573. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 18.01.1995 ж. N 62 қаулысымен.

Үкіметаралық бірлескен комиссия құру туралы Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Венгр Республикасы Үкіметі арасындағы Хаттамаға сәйкес, Қазақстан Республикасы мен Венгр Республикасы арасында қол жеткен уағдаластықтарды жүзеге асыру және өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақ-венгр комиссиясының қазақ бөлігі мына құрамда бекітілсін:

Комиссияның тең төрағасы:

Кулагин С.В. - Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары

<*>

Комиссияның мүшелері:

Власов	- Өнеркәсіп министрінің бірінші
Виктор Иванович	орынбасары
Үсенов	- Сауда министрінің орынбасары
Алмасбек Садықұлы	
Реймер	- Денсаулық сақтау министрінің
Андрей Андреевич	орынбасары
Таусаров	- Президент пен Министрлер Кабинеті
Жолдасбек Райымұлы	Аппаратының Сыртқы байланыстар
	бөлімінің референті

Дүйсебаев - Сыртқы істер министрлігінің басқарма
Бейсенбек Жұмабекұлы бастығы
Әкімов - Экономика министрлігінің басқарма
Нұрлан Иманғалиұлы бастығы
Кувалдина - Сыртқы экономикалық байланыстар
Ирина Степанова министрлігі басқармасы бастығының
орынбасары
Омарбаев - "Қазконтракт" республикалық контракт
Кенжебек Омарбайұлы корпорациясының вице-президенті
Кувальдин И.С. - Сыртқы экономикалық байланыстар
министрлігінің Еуропа елдерімен
сауда-экономикалық байланыстар
басқармасы бастығының орынбасары
(комиссияның атқарушы хатшысы)

<*>

Ескерту. 1-тармағына ішінара өзгертулер енгізілген - ҚРМК-нің
23.05.1994 ж. N 554 қаулысымен.

2. Үкіметаралық комиссияның қазақ бөлігіне қажет болған
жағдайда тұрақты топтар құру, оның құрамын, жұмысының функциялары
мен негізгі бағыттарын анықтау құқығы берілсін.

3. Министрліктер, ведомстволар, облыс, Алматы және Ленинск
қалаларының әкімдері комиссияның қызметіне барынша көмек
көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі